

«Сләмия Саттаров втындағы мектеп-лицейі» КММ 2023-2024 оқу жылының 1-жартыжылдығындағы жұмыстары



Қарағанды қаласының білім бөлімінің «Ziatkerlik modernizasia - 2023» жобасының академиялық күнтізбесіне сәйкес «Мұражай сабақтары» мектепшілік жобасы қыркүйек айындағы жоспарлы «Саттаровтану» айлығын өткізді.

Қазақтың біртума перзенті, ағарту саласының ардагері Сләмия Саттаровқа арналған музейде отбасының жеке мұрағатындағы фотосуреттер мен құнды құжаттар қойылған. Сондай-ақ білім саласын дамытуға қатысты әртүрлі тақырыптағы жарияланымдар да бар. Осыған орай қыркүйек айында ардагер ұстаздарымыз және Сләмия Саттаровтың ұрпақтары келіп, музейде еске алу кеші ұйымдастырылды. Мектеп табалдырығын алғаш аттаған төрт 1-сынып оқушыларына мектепті және мұражайды таныстыру жұмыстары жүргізілді. Саттаровтанушы орта буын оқушылары сабақтарын жалғастырды. Тәжірибеленуші студент жастарға 10 «Ә» сынып оқушысы Шайхбек Мөлдір мектебімізге есімі берілген, педагогикаға еңбегі сіңген ұстаз – Сләмия Саттаров мұражайына саяхат ұйымдастырды



25 қазан Республика күні қарсаңында 5"Б" сынып оқушыларымен Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану мұражайына саяхат ұйымдастырылды.

Оқушылар музейдің бай қорындағы өлкеміздің тарихын алғашқы зерттеушілер, өлкетанушылар мен Алаш зиялыларының, Қарағанды облысының мәдениет мен ғылым қайраткерлері туралы және басқа да құнды ақпаратпен танысып қайтты. Сынып жетекшісі: Әбілова Ж.Ж.



«Әсемдік әлемі» эстетикалық сауаттылық апталығы барысында облыстық тарихи-өлкетану музейінде "Сәндік қолданбалы өнер" атты шеберлік сабақ өтті. Музейдегі "Ғажайып өрнек" үйірмесінің жетекшісі суретші-безендіруші Иманкулова Қ.Х басшылығымен бірлескен үйірме жұмысы оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулуға бағытталды.

Мақсаты:Музейдің халық қазынасын сақтап қана қоймай, насихаттап, өткен ғасырлар мен бүгінгі күннің арасын жалғап, жас ұрпақтың өз тамырынан ажырап қалмауына қызмет етіп отырғандығын дәріптеу. Көркем еңбек мұғалімі Мұқыжанова Н.М.